

Манапбаева Жаннура Жарқанбекованын
«С.Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы
ұлттық реалиялардың орыс және
ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы» атты
«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша
PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
диссертациялық зерттеуі жөніндегі ғылыми кеңесші

ПІКІРІ

Табиғи тілдің сөздері мен құрылымдарын жалғыз зерттеу материалы ретінде пайдаланатын көркем әдебиетке деген қызығушылықтың артуына байланысты аударманың жалпы және жеке теориясы мәселелері барған сайын зерттеу нысанына айналуын байқап отырмыз. Көркем аударма жалпы аударматану теориясындағы қиыншылығы көп күрделі аударма түрінің бірі ретінде бүгінгі таңдағы ғылыми қоғамдастықтың қызығушылығын туғызады. Қазақ жазушыларының көркем шығармаларын дүние жүзі тілдеріне аудару мәселесі әлдеқашан мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігіне айналып, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде Қазақ елінің мәдени кеңістік шекарасын кеңейту мақсатында көптеген жобалар жүзеге асырылды. Қазақ көркем әдебиеті ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы ретінде есептеліп, қазіргі жаһандану заманында жойылып кетуге шақ қалған ұлттық тілдің өзіндік ерекшелігі мен жеке халықтың тұрмыс-тіршілігін сақтайтын болса, қазақ жазушыларының көркем шығармаларының дүние жүзі тілдеріне аудармалары арқылы жалпы адамзаттық және гуманитарлық құндылықтарды «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында атап өтілген қазақстандық қоғамның ашықтығына ықпал етері сөзсіз. Осы орайда өткен ғасырда қазақ халқының отарланудан тәуелсіздікке жету жолында басынан өткерген тұтас бір сілкініс дәуірін бейнелейтін, ұлттық нақыштағы бояуымен ерекшеленетін Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» роман-трилогиясы мен белгілі аудармашылар Л.Қосмұхамедова, А.Жақсылықов және К.Фицпатриктің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары зерттеу нысаны ретінде таңдалынды.

Аталған диссертациялық жұмыстың тағы бір өзектілігі ретінде аударма теориясында маңызды саналатын аудармасыздық немесе аударылмайтын бірліктер мәселесінің көтерілуін айтуға болады. Толық аудармаға кедергі келтіретін тілдік шектеулердің қатарына реалия сөздер жатады. Реалияны арнайы аударма бірлігі ретінде зерттеу қажеттілігі және аудармашылардың, тілтанушы ғалымдардың, мәдениеттанушы ғалымдардың реалияға қатысты қолданатын терминологиясында нақтылықтың жоқтығы және аудармада реалияның берілуі мәселесін шешуде кешенді тәсілдің қолдануы зерттеу жұмысының өзектілігі анықталды. Аударманы шығармашылық үрдісті басты назарда ұстайтын әдебиеттанушылық тұрғысынан ғана қарастырып қана қоймай, түпнұсқа тілін аударма тіліне декодтау кезінде әртүрлі тілдік жүйелердің өзара әрекеттесу фактілерін түсіндіретін нақты теория жасауға мүмкіндік беретін тілтанушылық тұрғысынан да талданады. Сондай-ақ реалиялардың ұлттық немесе тарихи бояуының болуы және олардың шығармадағы барабарлығын анықтау кезінде декодтау және мазмұнын түсіну үшін аудармашыға қажетті фондық білім мен тілден тыс экстралингвистикалық факторларды ескермеу мүмкін еместігі дәлелденеді. Ал реалиялар әдетте басқа мәдениет пен басқа тілде сөйлеушілердің рецептивтік сөздік қорына қосылмайтындықтан, аудармашы аударма үрдісінде шешетін көптеген міндеттердің бірі ретінде баламасыз лексика бірліктерінің мағынасын беріп қана қоймай, сонымен бірге түпнұсқа тіліндегі реалияның ұлттық ерекшелігін аударма тілінде беру тәсілдерін таңдау стратегиясын анықтау қажеттілігі туындайды.

Аудармашылық, лингвистикалық тұрғысынан «реалия» терминінің анықтамасын беруде толық айқындыққа қол жеткізілмегендігін тілтану және аударма саласындағы ғалымдардың кең ауқымды, сан түрлі пікірлері дәлелдейді. Осыған байланысты диссертацияның атауында берілген «реалия» аудармалық термині әртүрлі іргелес ғылымдар тұрғысынан, реалия ұғымы мен оның типологиясын анықтаудан бастап, тілдік реалияларды аударудың негізгі әдістеріне дейін, реалияларды жіктеуден бастап жүйелеуге дейін көпсалалы аспектілерде қарастырылады. Сонымен қатар, Смағұл Елубайдың романындағы көркем мәтіні мен оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде ұлттық реалиялардың барабарлыққа қол жеткізу ережелері мен тәсілдері талданады. Манапбаева Жаннұраның диссертациясының теориялық маңыздылығы ретінде «реалия» терминінің қолданыстағы анықтамаларын талдау негізінде сұрыпталған «реалия» анықтамасы, реалияларды анықтау критерийлері және оны аудару принциптері аталады. Зерттеудің жаңалығы ретінде ізденуші ұсынған термин ретінде реалия траекториясын атауға болады.

Сондай-ақ, диссертацияда заманауи интернет-технологияларды пайдалана отырып, микро- және макроконтекстік деңгейлерде қарастырылған роман-трилогияның түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтіндері бойынша докторанттың өз бастамасымен құрылған қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі параллельді корпус ұлттық реалияға салыстырмалы-салғастырмалы, контекстуалдық талдау жасауға мүмкіндік беретін жаңалық болып табылады.

Келесі маңызды жайт диссертацияда аударманы процесс және нәтиже ретінде қарастыруы деп атауға болады, сол себепті зерттеуші өз концепциясын көркем аударма мәтінінің барлық ерекшеліктерін эмоционалды қабылдауды жоғалтпай жеткізуге тиіс деген негізде құрады. Міндеті тілдік және мәдени кедергілерді енсеру болып табылатын аударманың қызметі «Ақ боз үй» роман-трилогиясының аудармашылары жүзеге асырған көркем мәтіндегі реалияның аудармадағы барабарлығына жеткізуде барынша айқын көрінетіні анықталды. Түпнұсқа және аударма тілдері арасындағы симметрия мәселесін тудырып, жай лингвистикалық әрекетке дейін түсіретін аудармадағы баламалық тұжырымдамасынан айырмашылығын ескере отырып, докторант мәдени, мәтіндік және прагматикалық факторларды, сонымен қатар, түпнұсқа тіліндегі реалияларға тұнған мәтіннің аударма тіліндегі мәтінге толық сәйкестігіне, түпнұсқаның мағыналық мазмұнының берілуі және оған толық функционалдық-стильдік сәйкестігіне назар аударады. Ізденуші аударманың барабарлығына қол жеткізу үшін реалияны аудармада берудегі аударма трансформацияларын анықтау бойынша тиянақты жұмыс жүргізеді. Түпнұсқа тілдің формасының мағынасы мен дәлдігін сақтау мақсатында аударма кезінде түр мен мазмұнды сақтау тұжырымдамасын ұстана отырып, докторант ұлттық реалияны берудегі трансформацияларды қолдану арасындағы байланысқа статистикалық талдау жасайды.

Аударманың «барабарлық» категориясы бағалаушы-нормативтік сипатта болғандықтан, докторант реалияны, аударма нормаларын және оны бағалауды анықтау критерийлерін ұсынады.

Ізденуші аудармашылардың стратегияларын, белгілі бір шарттарға және коммуникативті-прагматикалық міндеттерге сәйкес реалияны аудармада берудің негізгі әдістерін анықтауда маңызды жұмыс атқарды. Кейбір кездерде реалияны аудару тәсілін таңдау автордың интенциясына/ниетіне байланысты болатыны анықталды. Аударманың сәйкестігіне маңызды әсер ететін автордың ниеті мен авторлық ой-пікірін нақтылау мақсатында диссертант роман авторы Смағұл Елубаймен жеке сұхбат жүргізді.

Диссертант жүргізген зерттеудің әдіснамалық тұрғысынан негізделген, әдістемелік жағынан құрылған және концептуалды тұрғыдағы құрылым және реалияны салыстырмалы, лексика-семантикалық және контекстуалдық талдауы аударманы көп өлшемді процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қорғауға ұсынылған тұжырымдардың басым бөлігі дәлелденді. Диссертацияның практикалық маңыздылығы зерттеу материалдарын аударма теориясы мен практикасы пәндерін оқыту тәжірибесінде қолдануға болатындығымен дәлелденеді.

Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша 11 мақала жариялады, оның ішінде 2 мақала Scopus деректер базасында тіркелген журналдарда, оның біреуі жоғары 1-квартилді журналда басылды.

Қорыта айтқанда, Манапбаева Жаннұра Жарқанбекқызының диссертациялық жұмысының мазмұны «6D020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми кеңесші:

филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби университетінің шетел филологиясы
және аударма ісі кафедрасының профессор м.а.

С.Д. Сейденова

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. әл-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

« _____ » _____ 20__ ж.г.

